

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

Қадысов Архат Қадысұлы

«Бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау және
қақпақтың механикалық өңдеу технологиясын жасау.
Жылдық шығару бағдарламасы 4000 дана»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі,

PhD докторы

_____ Б.С.Арымбеков

« _____ » _____ 2020ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау және қақпақтың механикалық өңдеу технологиясын жасау. Жылдық шығару бағдарламасы 4000 дана»

5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған

Қадысов А.Қ.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл.канд-ты

_____ А.Т.Альпеисов

« _____ » _____ 2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру
институты

Өнеркәсіптік инженерия кафедрасы

5B071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,
PhD докторы

_____ Б.С.Арымбеков
« _____ » _____ 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Қадысов Архат Қадысұлы

Тақырыбы: «Бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін
жобалау және қақпақтың механикалық өңдеу технологиясын жасау.

Жылдық шығару бағдарламасы 4000 дана»

Университет ректорының « _____ » 2019ж. № _____ бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «05» маусым 2020ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бәсеңдеткіштің құрастыру
сызбасы, қақпақтың жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциялық
карталар, қақпақтың жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба
алдындағы практиканың мәліметтері, қақпақтың техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бәсеңдеткіштің құрастыру технологиясы; б) қақпақтың механикалық
өндеудің технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысың
жобалау; г) ұйымдастыру бөлімі.

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
бәсеңдеткіштің құрастыру сызбасы – 1А1; бәсеңдеткіштің жинақтау
сызбасы – 1А2; қақпақтың жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы –
1А1; технологиялық баптаулар – 2А1; металлкескіш станоктың
қондырғысының сызбасы– 1А1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары –
1А1.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 20 атау

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	10.01.20ж. – 28.02.20ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	02.03.20ж. – 18.04.20ж.	орындалды
Ұйымдастыру бөлімі	19.04.20ж. – 28.04.20ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	А.Т.Альпеисов, техн.ғыл.канд-ты, ассоц.профессор		

Ғылыми жетекші _____ А.Т.Альпеисов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ А.Қ.Қадысов

Күні

« ____ » _____ 2020ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста бәсеңдеткіш шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалауың және қақпақтың механикалық өңдеу технологиясын жасадым. Қақпақты өңдеу технологиясындағы операцияларға баптаулар сыздым. Берілген дипломдық жобада тетікті өңдеудің технологиялық процессті жобалаудың жалпы көрінісі қарастырылады. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға және өңдеуге техникалық талаптардың анализі жүргізіледі. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталынады, таңдау және дайындаманы жасау әдісінің негізделуі жүргізіледі. Тораптың құрастырылуының технологиялық сұлбасы жасалынады, сонымен қатар тетіктің жеке беттерінің маршрутты өңделуі және оны жалпы өңдеудің операционды технологиялар жасалынады.

АННОТАЦИЯ

В этой дипломной работе спроектировал технологию изготовления редуктора и механической обработки крышки. Начертил технологические наладки для крышки. В данном дипломном проекте рассмотрена общая картина проектирования технологического процесса и обработки деталей. На основе имеющихся данных проводится анализ технических требований на сборку и обработку. С учетом заданной программы выпуска определяется тип производства, производится выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разрабатываются технологические схемы сборки узла, так же маршрута обработки отдельных поверхностей детали и операционной технологии обработки.

ANNOTATION

In this thesis, he designed the technology for manufacturing the gearbox and machining the cover. Drew technological adjustments for the cover. This graduation project considers the general picture of the design of the technological process and processing of parts. Based on the available data, an analysis of the technical requirements for assembly and processing is carried out. Taking into account a given production program, the type of production is determined, and the selection and justification of the method of manufacturing the workpiece is made. Technological schemes for assembling the assembly are being developed, as well as the processing route for individual surfaces of the part and the operating processing technology.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Өндіріс типін анықтау	8
1.2 Бұйымды өңдеу операциясы кезіндегі технологиялық базаларды таңдауының негіздемесі	10
1.3 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу	10
1.4 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі	17
1.5 Техникалық уақыт нормасын есептеу	28
2 Конструктолық бөлім	31
2.1 Шығару бағдарламасы және жүктеу коэффициентіне байланысты айлабұйымды таңдау	31
2.2 Өнделетін дайындаманы талдау, базалау сұлбасы және айлабұйымның элементтерін таңдау	31
2.3 Айлабұйым сұлбасын құрастыру	32
3 Ұйымдастыру бөлімі	33
3.1 Өндірістің негізгі жабдықтар санын анықтау	33
3.2 Механикалық бөлімнің ауданын анықтау	34
Қорытынды	36
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	37

КІРІСПЕ

Машина жасау – ауыр өнеркәсіптің еңбек құралдарын, тұтыну заттарын және қарау-жарақ өнімдерін жасайтын негізгі сала. Машина жасау өндірісі энергетикалық, электртехникалық, станок жасау және құрал-саймандар өнеркәсібі, аспап жасау, ауыл шаруашылық машина жасау, т.б. салаларға бөлінеді. Қазақстанда машина жасау 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында басқа республикалардың көшіріліп келген жабдықтар негізінде жасалды. Соғыстан кейін бұл сала жоғары қарқынмен дамып, көптеген жаңа өндіріс түрлері қарқынмен дамып, көптеген жаңа өндіріс түрлері пайда болды. Республиканың машина жасау кәсіпорындары күрделі әрі металды көп қажет ететін машиналар, тау-кен, көмір, мұнай, металлург, тамақ кәсіпорындары мен жеңіл өнер кәсіпке қажет жабдықтар, сондай-ақ ауыл шаруашылығына, көлікке, құрылысқа арналған машиналар мен құрал-саймандар және электртехникалық аппараттар мен станоктар – барлығы мыңнан астам өнім түрлерін шығарады.

Өндірістің тиімділігі, оның техникалық прогресі, шығарылған өнімнің сапасы, көбінесе, жаңа жабдықтарды, машиналарды, станоктармен аспаптарды шығаруға сондай-ақ технологиялық және конструкторлық мәселелерді қамтамасыз ететін әдістерді жан-жақты енгізуге байланысты. Ғылыми - техникалық революцияны жүзеге асыруда машина жасау саласы басты, өзекті рөл атқарады.

Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де эффективті жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшімен аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Алдыңғы қатарлы технология мен кешеннің механикалау процесін және металл кескіш станоктарды өндіру процесін жобалау мен енгізу эффективтілігі өндірістің кең дамыған мамандырылуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Біздің тұрмыстағы станоктардың артықшылығы автоматты линия түзу мүмкіндігінде. Металл кескіш станоктар – жаңартылған машина, құрал – саймандар және басқа да заттарды өндіруге арналған зауыт жабдықтарының негізгі түрі.

Металл кескіш станоктар үшін микропроцессорлы техникасын қолдану арқылы сандық бағдарламалық басқаруды қолдану кең аясы тән.

Өндірістік процестерді жобалаудың инженерлік әдістерін толықтай игере алатын маман кадрлерді даярлауда осы мәселердің барлығын жолға қоюдың маңыздылығы зор.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Өндіріс типін анықтау

Өндіріс типін МЕСТ 3.1108 - 74 негізінде бір жұмыс орнының немесе жабдық бірлігінің операция бекіту коэффициентімен сипатталады. Өндіріс типі төмендегі коэффициент арқылы анықталады:

$$K_{з.о} = Q/P_m \quad (1.1)$$

мұндағы Q – түрлі операциялар саны; Зауыт атынан берілген технологиялық үрдісте 21 операция берілген.

P_m – осы операциялар орындалып жатқан жұмыс орындарының саны; Операция орындалатын жұмыс орындалады:

2 станокта механикалық өңдеулер жүргізілсе, 1 слесарьлік стендісінде калған операциялар жүзеге асырылады.

Барлығы 3 жұмыс орны белгіленген. Сонда операция бекіту коэффициенті мынаған тең:

$$K_{з.о} = 21/3 = 7$$

Мемлекеттік стандарт бойынша осындай коэффициент көп сериялық өндіріс типіне сай келеді.

Көп сериялық өндіріс өзінің периодты қайталана отыратын партияларының шектеулі номенклатурасымен сипатталады, және оның шығару көлемі жоғары болып келеді. Сериялық өндіріс кезінде кеңінен әмбебап станоктар қолданылады, және олар көпшілікте арнайы немесе әмбебап, әмбебапты – құрастырмалы қондырмалармен жарақтанады. Осының барлығының әсерінен өнімнің еңбек сыйымдылығы мен өзіндік құны төмендетілген. Сериялық өндіріс кезінде технологиялық процесс дифференцияланады, яғни өзінді бір операцияларға жіктеледі және олар арнайы әр станоктарда өңделеді.

Қақпақ берік, үйкеліске төзімді болуы керек. Сондықтан оларды арнайы термиялық өңдеулер арқылы, қаттылықтарын HB 230-260 мөлшеріне дейін, ал іске шегулі мойын беттерінің қаттылығын HRC 45-50 мөлшеріне дейін жеткізеді. Машина жасаудың салалары өте мол. Әр саласындағы технологияның өзіндік ерекшеліктері болады. Қақпақтарды жасау әдістеріне көптеген жалпылама технологиялық қағидалар болады, сондықтан нақтылы қақпақтың технологиясын құруда, біліктердің неше түрлі конструкцияларын жіктеу тұрғысында жасалған типті үрдістерді пайдаланған өте абзал.

Сырттай ілінісетін қақпақ механизм білікке бекітілген қақпақ тісті доңғалақтан, саусақта еркін айналатын собачкадан тұрады. Қақпақтың үстінің ерекше формасының көмегімен жүк көтеру бағытымен айналатын ілінісуінен, біліктің қарсы бағытта айналуына кедергі жасайды. Осы арқылы жүкті құлатпай ұстап тұрады. Екі біліктің қосынды жүктеуі 0,25 ат аспауы тиіс.

Фрикционды – роликты тежегіш болат роликтер салынатын ішінде арнаулы формалары бар дисктен тұрады. Білік жүкті көтеру бағытында айналғанда роликтер серіппені қысып, диск ішіндегі арнаулы формаларға еніп, дисктің білікпен бірге айналуын болдырмайды. Ал жүкті түсірген кезде роликтер диск аралығына бекітіліп, біліктің айналуын тоқтатады. Осы арқылы жүкті түсірмей ұстап тұрады.

Болат 25Л көміртегі мөлшері С - 0,02 - 0,3 %, марганец мөлшері Мп - 0,35 - 0,90 %, хром мөлшері Сг - 0,30 %, мыстың мөлшері-0,30%, Фосфордың мөлшері-0,04%

Орнын басушы материалдар: 20Л, 30Л

Материалдың қаттылығы НВ $10^{-1}=124-207$ МПа

Аққыштық шегі $\zeta_T = 240$ МПа.

Салыстырмалы ұзаруы $\zeta = 19\%$.

Салыстырмалы тарылу $\varphi = 30\%$.

Соқпалы тұтқырлығы 400 КДж/м².

Құймалық шөгу 2,2-2,3%

Дайындама: бір топтағы құйма (жауапты құймаларға тағайындалады)

МЕСТ 4543-71.

Құйма дәлдігі: МЕСТ 26645-85.

Құйма – беріктікке есептелген және статикалық айналушы моментті беруге арналған. Құйманың тексерілетін параметрлері: Сыртқы көрінісі, өлшемдері, химиялық құрамы, механикалық қасиеттері, аққыштық шегі және салыстырмалы ұзаруы және қысқаруы. Құйма - термиялық өңдеуден өтуі қажет.

Тетіктің өмірлік циклі төмендегі процестермен байланысты, олар: дайындаманы алу, дайындаманы өңдеу, тетікті эксплуатациялау және оның ремонту, утилизация.

Тетіктен дайындама алудың технологиялылығын қарасақ; Тетік корпусы деталь класына жатқасын, ең оптималды вариант – құйма операциясы. Тетіктің шығару бағдарламасы жоғары және дәлдігі жоғары болғандықтан, машиналық қалыптау әдісін қолданамыз. Дайындама цехінен дайындамамыз құю прибылдарынан тазартылған, тексеру бөлімінен өтіп келеді.

Тетік дайындау процессінің технологиялылығы. Тетік қарапайым геометриялық беттер бойынша өңделеді. Кескіш инструментіміз кесу аймағына келтіру амалдары жеңіл және ашық болып келеді. Бекіту және базалау беттері толық комплекті. Кейбір беттер унификацияланған (тесіктер, бұрандалар, фаскалар және т.б.). Таңдалған материалымыз кесіп өңдеуге жеңіл келеді.

Тетіктің конструкциялық технологиялылығын мөлшерлік бағалауы төменгі коэффициенттер мен анықталады:

Тетікті дайындаудың еңбексыйымдылық коэффициенті:

$$K_{y.t} = Q_n / Q_{б.п} \quad (1.2)$$

мұндағы Q_n – тетікті дайындаудың жобаланған еңбек сыйымдылығы.

$Q_{б.п}$ – базалық зауыттағы еңбексыйымдылық:

$$K_{y,t} = 1020/850 = 1.2$$

Тетіктің конструкциялық элементтерінің унификация коэффициенті.

$$K_{y,э} = Q_{э,y} / Q_{э} \quad (1.3)$$

мұндағы $Q_{э,y}$ – тетіктің унификацияланған элементтер саны, дана.

$Q_{э}$ – конструктивті элементтердің жалпы саны, дана.

$$K_{y,э} = 27 / 34 = 0,79$$

Материалды қолдану коэффициенті:

$$K_{и.м} = G_{д} / G_{з.п} \quad (1.4)$$

мұндағы $G_{д}$ – сызба бойынша тетіктің массасы, т.

$G_{з.п}$ – дайындаманың барлық технологиялық жойылуларымен бірге, т.

1.2 Бұйымды өңдеу операциясы кезіндегі технологиялық базаларды таңдауының негіздемесі

Базалау дегеніміз – таңдаған санау системаға қатысты дайындаманы, тетікті, құрылым бірліктерді қажетті күй орнын келтіру процесі аталады.

Технологиялық базалар таңдауымыз негізінен жалпы база таңдау принциптеріне сай :

Құйма дайындамасына қаралай база аламыз, бұл тетіктің ең үлкен беті. Бұл беттің базасы келесі операцияда қаралықты болдырмауға үлкен кепілдік береді. Осыны біз 1-ші реттемеде көрсеттік. Сонымен қатар технологиялық базамыз конструкциялық базасымен сай келеді, ол өздігінен өлшеу қателігін пайда болуын жоққа шығарады.

Осы өңделген бетіміз келесі операцияларға база болып қалады. Осы реттемеде база таңдаудың екінші принципін қолданамыз: Ол базаның бірізділігі – ол дегеніміз барлық операцияларға бір база алу. Ол графикалық жұмыстағы 2, 3, 4, 5, 7-ші реттемелерден байқауға болады. 6, 8-реттемелерде басқа база алуға тура келеді, бірақ, бұл ауыстырым тетік дәлдігіне әсер етпейді, себебі біз басқа конструкциялық базаға сүйенеміз.

1.3 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу

Машина жасау саласында беттің пішімін негізінен кесу операциясы арқылы жүргізеді. Бұл әрекеттен кейін беттің кедір - бұдырлығы мен геометриялық параметрлері экономикалық тұрғыдан және дәлдігі жоғары. Дайындаманы берілген тетік параметріне жеткізу үшін кесу режимі кезінде жоңқаға айналатын металл қабатын қалдырамыз. Осы металл қабаты – әдіп деп аталады. Осы әдіп мөлшері мейлінше оптималды болған жөн. Механикалық өңдеу операцияларында әдіпті таңдау көбінесе анықтамалық кестелер мен МЕСТ-тің нұсқаулары негізінде тағайындалады. Осы алынған әдіп технологиялық процеске, өңдеу жағдайларын байланыспай, артық мәнге ие

болады. Бұл өздігінен материал шығыны мен артық еңбек сыйымдылыққа әкеледі. Осы кемшілікті алға тартып біз, механикалық өңдеу кезінде В. М. Кован ұсынған әдіпті «есепті– аналитикалық әдіс» негізінде анықтадық. Бұл әдіс алдыңғы өңделген бет пен өңделіп жатқан беттің технологиялық факторларын анализдеу негізінде құрастырылған. Әдіптің мәні әдіпті құрайтын элементтерді дифференциалдап есептеу негізінде анықталады. Әдіп есептеудің есепті-аналитикалық тәсілі әдіп анықтауда әр технологиялық әрекеттің әдібін (аралық әдіп) және олардың қосындысы жалпы әдіпті табуға мүмкіндік береді.

Әдіпті есептеу

Беттің өңдеу маршрутын анықтаймыз.

Маршрут бойынша дәлдікті тағайындаймыз.

Әдіпті есептеу формуласын іздестіреміз.

Есептелінген әдібіміз жазық бетті болса (біржақты әдіп), онда анықтайтын формуламыз төменгідей:

$$z_{i \min} = (R_z + h)_{i-1} + \Delta_{\Sigma i-1} + \varepsilon_i \quad (1.5)$$

мұндағы R_z $_{i-1}$ - алдыңғы әрекеттің кедір-бұдырлық профилінің биіктігі.

h $_{i-1}$ - алдыңғы әрекеттің беттің дефекті тереңдігі.

$\Delta_{\Sigma i-1}$ - алдыңғы әрекеттегі бет орналасуының қосынды ауытқуы.

ε_i - жүргізіліп жатқан әрекеттегі дайындаманы орнату ауытқуы.

а) 30 өлшеміне әдіп есептеу:

$$R_z + T = 300 \text{ мкм} \quad (1.6)$$

Дайындама операциясының R_z және T анықтаймыз. [1 кесте, 180 бет, 1.]

Өңдеу маршруты бойынша R_z және T анықтаймыз. 25 кесте, 188 бет, 1.]

Дайындама мен механикалық өңдеудің кеңістік ауытқуының қосындысын анықтаймыз: [25 кесте, 188 бет, 1]

$$\Delta = \sqrt{\Delta_{cm}^2 + \Delta_{kop}^2} \quad (1.7)$$

$$\Delta_{cm} = TD = 990 \text{ мкм} \quad (1.8)$$

$$\Delta_{kop} = \Delta_k L = 1012 \text{ мкм} \quad (1.9)$$

$$\Delta_{\Sigma} = \sqrt{\Delta_{kop}^2 + \Delta_{cm}^2} = \sqrt{990^2 + 1012^2} = 1416 \text{ мкм} \quad (1.10)$$

$$\Delta_k = 0.7 - 1 \quad (1.11)$$

$$\Delta_1 = 0,05 \cdot 1416 = 71 \text{ мкм}$$

$$\Delta_2 = 0,005 \cdot \Delta_1 = 0,355 \text{ мкм}$$

Қондырмаға орнатқанда базалау қателігін кесте бойынша [4,13 кесте, 81 бет, 4) анықтаймыз. $\varepsilon_6 = 0.00015 \cdot 330 = 0.0495 \text{ мм} = 50 \text{ мкм}$

$$\varepsilon = \sqrt{50^2 + 240^2} = 245 \text{ мкм} \quad (1.12)$$

240- (4,13 кесте, 81 бет, 4) бойынша анықтаймыз:

$$\varepsilon_2 = 0.06 \cdot 245 = 15 \text{ мкм} \quad (1.13)$$

$$\varepsilon_3 = \varepsilon_4 = 0 \quad (1.14)$$

Операция аралық әдіпті анықтаймыз:

Қаралай жону үшін:

$$Z_{\min 1} = 300 + 1000 + \sqrt{71^2 + 245^2} = 1555 \text{ мкм} \quad (1.15)$$

Таза жону үшін:

$$Z_{\min 2} = 300 + 500 + \sqrt{0,355^2 + 15^2} = 815 \text{ мкм} \quad (1.16)$$

Ең кіші шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\min 2} = 330 + 3,11 = 333,1 \text{ мм}$$

$$d_{\min 1} = 330 + 1,63 = 331,6 \text{ мм}$$

Ең үлкен шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\max 2} = 330 + 1,555 = 331,55 \text{ мм} \quad (1.17)$$

$$d_{\max 1} = 330 + 0,815 = 330,81 \text{ мм}$$

Әдіптің мәндерін анықтаймыз:

$$Z_{\max 3}^{np} = 334 - 333,5 = 1555 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} = 334,1 - 333,5 = 1500 \text{ мкм} \quad (1.18)$$

$$Z_{\min 3}^{np} = 331,6 - 330,8 = 815 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 2}^{np} = 331 - 330,8 = 800 \text{ мкм}$$

Есептеулерді тексереміз:

$$\begin{aligned}
Z_{\max 3}^{np} - Z_{\min 3}^{np} &= 3555 - 2005 = 1500 \text{ мкм} \\
\delta_2 - \delta_3 &= 1615 - 815 = 800 \text{ мкм} \\
Z_{\max 2}^{np} - Z_{\min 2}^{np} &= 334,1 - 333,5 = 1500 \text{ мкм} \\
\delta_1 - \delta_2 &= 3200 - 1600 = 800 \text{ мкм}
\end{aligned}
\tag{1.19}$$

Беттің өңдеу маршрутын тағайындаймыз:

Өңдеу маршруты бойынша дәлдікті анықтаймыз:

Әдіпті есептеу формуласын іздестіреміз.

Есептелінген әдібіміз жазық бетті болса (біржақты әдіп), онда анықтайтын формуламыз төменгідей:

$$z_{i \min} = (R_z + h)_{i-1} + \Delta_{\Sigma i-1} + \varepsilon_i \tag{1.20}$$

мұндағы $R_{z i-1}$ - алдыңғы әрекеттің кедір-бұдырлық профилінің биіктігі.

h_{i-1} - алдыңғы әрекеттің беттің дефекті тереңдігі.

$\Delta_{\Sigma i-1}$ - алдыңғы әрекеттегі бет орналасуының қосынды ауытқуы.

ε_i - жүргізіліп жатқан әрекеттегі дайындаманы орнату ауытқуы.

б) 203 өлшеміне әдіп есептеу.

$R_z + T = 300$ мкм кестеден (6 кесте, 182 бет, 1) анықтаймыз.

$(R_z + T) + 1000$ – қаралай өңдегенде.

$(R_z + T) + 500$ - жартылай таза өңдегенде. (185 бет, 1)

Дайындама мен механикалық өңдеудің кеңістікте ауытқуының қосындысын анықтаймыз: (4,8 кесте, 71 бет, 4)

$$\Delta = \sqrt{\Delta_{cm}^2 + \Delta_{кор}^2}$$

$$\Delta_{cm} = TD = 849 \text{ мкм}$$

$$\Delta_{кор} = \Delta_k L = 1000 \text{ мкм}$$

$$\Delta_{\Sigma} = \sqrt{\Delta_{кор}^2 + \Delta_{cm}^2} = \sqrt{849^2 + 1000^2} = 1312 \text{ мкм.}$$

(4,8 – кесте, 71 бет, 4) $\Delta_k = 0.7 - 1$

$$\Delta_1 = 0,05 \cdot 1312 = 66 \text{ мкм}$$

$$\Delta_2 = 0,005 \cdot \Delta_1 = 0,33 \text{ мкм}$$

Қондырғыға орнатқандағы базалау қателігін (4,13 кесте, 81 бет, 4) анықтаймыз. $\varepsilon_6 = 250 \cdot 0.00013 = 0.0345 \text{ мм} = 33 \text{ мкм}$

$$\varepsilon = \sqrt{33^2 + 200^2} = 203 \text{ мкм.}$$

7. 240- (4,13 кесте, 81 бет, 4) бойынша анықтаймыз:

$$\varepsilon_2 = 0.06 \cdot 203 = 12 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon_3 = \varepsilon_4 = 0$$

Операция аралық әдіпті анықтаймыз:

Қаралай жону үшін:

$$Z_{\min 1} = 300 + 1000 + \sqrt{66^2 + 203^2} = 1513 \text{ мкм}$$

Таза жону үшін:

$$Z_{\min 2} = 300 + 500 + \sqrt{0,33^2 + 12^2} = 812 \text{ мкм}$$

Ең кіші шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\min 2} = 250 + 1,513 = 251,513 \text{ мм}$$

$$d_{\min 1} = 250 + 0,814 = 250,814 \text{ мм}$$

Ең үлкен шектік өлшемді анықтау:

$$d_{\max 2} = 250 + 3,027 = 253,027 \text{ мм}$$

$$d_{\max 1} = 250 + 1,628 = 251,628 \text{ мм}$$

Әдіптің мәндерін анықтаймыз:

$$Z_{\max 3}^{np} = 253,027 - 251,513 = 1513 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} = 253,027 - 251 = 1500 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 3}^{np} = 251,628 - 250,814 = 814 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 2}^{np} = 251,628 - 250,8 = 800 \text{ мкм}$$

Есептеулерді тексереміз:

$$Z_{\max 3}^{np} - Z_{\min 3}^{np} = 3555 - 2005 = 1500 \text{ мкм}$$

$$\delta_2 - \delta_3 = 1615 - 815 = 800 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} - Z_{\min 2}^{np} = 334,1 - 333,5 = 1500 \text{ мкм}$$

$$\delta_1 - \delta_2 = 3200 - 1600 = 800 \text{ мкм}$$

Беттің өңдеу маршрутын тағайындаймыз.

Өңдеу маршруты бойынша дәлдікті анықтаймыз.

г) 88 өлшеміне әдіп есептеу:

$$R_z + T = 1000 \text{ мкм} \quad (6 \text{ кесте, } 182 \text{ бет, } 1)$$

$$(R_z + T) + 500 - \text{жартылай таза өндегенде} \quad (185 \text{ бет, } 1)$$

Дайындама мен механикалық өндеудің кеңістікте ауытқуын анықтаймыз. (4,8 кесте, 71 бет, 4)

$$\Delta = \sqrt{\Delta_{cm}^2 + \Delta_{кор}^2}$$

$$\Delta_{cm} = TD = 1200 \text{ мкм}$$

$$\Delta_{кор} = \Delta_k L = 165 \text{ мкм}$$

$$\Delta_{\Sigma} = \sqrt{\Delta_{кор}^2 + \Delta_{cm}^2} = \sqrt{1200^2 + 165^2} = 1211 \text{ мкм.}$$

$$(4,8 - \text{кесте, } 71 \text{ бет, } 4) \quad \Delta_k = 0,7 - 1$$

$$\Delta_1 = 0,05 \cdot 1211 = 61 \text{ мкм}$$

$$\Delta_2 = 0,005 \cdot \Delta_1 = 0,3 \text{ мкм}$$

Қондырғыға орнатқандағы базалау қателігін (4,13 кесте , 81 бет , 4) кестеден анықтаймыз. $\dot{\epsilon}_6 = 0.00019 \cdot 330 = 0,0627 \text{ мм} = 63 \text{ мкм}$

$$\epsilon = \sqrt{63^2 + 240^2} = 248 \text{ мкм}$$

$$\dot{\epsilon}_2 = 0.06 \cdot 248 = 15 \text{ мкм}$$

$$\dot{\epsilon}_3 = \dot{\epsilon}_4 = 0$$

Операция аралық әдіпті анықтаймыз:

Қаралай жону үшін:

$$Z_{\min 1} = 300 + 1000 + \sqrt{61^2 + 248^2} = 1555 \text{ мкм}$$

Таза жону үшін:

$$Z_{\min 2} = 300 + 500 + \sqrt{0,3^2 + 15^2} = 815 \text{ мкм}$$

Ең кіші шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\max 2} = 330 + 1,555 = 331,55 \text{ мм}$$

$$d_{\max 1} = 330 + 0,815 = 330,815 \text{ мм}$$

Ең үлкен шектік өлшемді анықтау:

$$d_{\max 2} = 330 + 3,027 = 333,027 \text{ мм}$$

$$d_{\max 1} = 330 + 1,628 = 331,628 \text{ мм}$$

Әдіптің мәндерін анықтаймыз:

$$Z_{\max 3}^{np} = 333,027 - 331,51 = 1515 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} = 333 - 331,5 = 1500 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 3}^{np} = 334,628 - 333,814 = 814 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 2}^{np} = 334,628 - 333,8 = 800 \text{ мкм}$$

Есептеулерді тексереміз:

$$Z_{\max 3}^{np} - Z_{\min 3}^{np} = 3555 - 2005 = 1500 \text{ мкм}$$

$$\delta_2 - \delta_3 = 1615 - 815 = 800 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} - Z_{\min 2}^{np} = 334,1 - 333,5 = 1500 \text{ мкм}$$

$$\delta_1 - \delta_2 = 3200 - 1600 = 800 \text{ мкм}$$

Беттің өңдеу маршрутын тағайындаймыз

Өңдеу маршруты бойынша дәлдікті анықтаймыз

д) 560 өлшеміне әдіп

$$R_z + T = 300 \text{ мкм}$$

Дайындама операциясының R_z және T анықтаймыз. [1 кесте, 180 бет, 1.]

Өңдеу маршруты бойынша R_z және T анықтаймыз. [25 кесте, 188 бет, 1.]

Дайындама мен механикалық өңдеудің кеңістіктік ауытқуының қосындысын анықтаймыз: [25 кесте, 188 бет, 1]

$$\Delta = \sqrt{\Delta_{cm}^2 + \Delta_{кор}^2}$$

$$\Delta_{cm} = TD = 280 \text{ мкм}$$

$$\Delta_{кор} = \Delta_k L = 420 \text{ мкм}$$

$$\Delta_{\Sigma} = \sqrt{\Delta_{кор}^2 + \Delta_{cm}^2} = \sqrt{280^2 + 420^2} = 505 \text{ мкм.}$$

(4,8 – кесте, 71 бет, 4) $\Delta_k = 0.7 - 1$

$$\Delta_1 = 0,05 \cdot 505 = 25,25 \text{ мкм}$$

$$\Delta_2 = 0,005 \cdot \Delta_1 = 0,126 \text{ мкм}$$

Қондырмаға орнатқанда базалау қателігін кесте бойынша [4,13 кесте, 81 бет, 4) анықтаймыз:

$$\varepsilon_6 = 0.00015 \cdot 560 = 0.084 \text{ мм} = 84 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon = \sqrt{84^2 + 280^2} = 292 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon_2 = 0.06 \cdot 292 = 18 \text{ мкм}$$

$$\varepsilon_3 = \varepsilon_4 = 0$$

240- (4,13 кесте, 81 бет, 4) бойынша анықтайын:

Операция аралық әдіпті анықтаймыз:

Қаралай жону үшін:

$$Z_{\min 1} = 300 + 1000 + \sqrt{25^2 + 292^2} = 1593 \text{ мкм}$$

Таза жону үшін:

$$Z_{\min 2} = 300 + 500 + \sqrt{0,126^2 + 18^2} = 818 \text{ мкм}$$

Ең кіші шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\min 2} = 560 + 1,593 = 561,593 \text{ мм}$$

$$d_{\min 1} = 560 + 0,818 = 560,818 \text{ мм}$$

Ең үлкен шектік өлшемді анықтаймыз:

$$d_{\max 2} = 560 + 3,186 = 563,186 \text{ мм}$$

$$d_{\max 1} = 560 + 1,636 = 561,636 \text{ мм}$$

Әдіптің мәндерін анықтаймыз:

$$Z_{\max 3}^{np} = 563,186 - 561,593 = 1593 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} = 563 - 561,5 = 1500 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 3}^{np} = 561,636 - 560,818 = 818 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 2}^{np} = 561 - 560,2 = 800 \text{ мкм}$$

Есептеулерді тексереміз:

$$Z_{\max 3}^{np} - Z_{\min 3}^{np} = 3186 - 1590 = 1500 \text{ мкм}$$

$$\delta_2 - \delta_3 = 1636 - 818 = 818 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} - Z_{\min 2}^{np} = 563,186 - 561,186 = 800 \text{ мкм}$$

$$\delta_1 - \delta_2 = 1636 - 818 = 818 \text{ мкм}$$

1.4 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі

Операция: Фрезрлік операциясының есебі.

Станок: фрезрлік станогы мод. 6М616Ф11-22

Қондырма: пневматикалық

Кесу құралы: Саусақты фреза D=125 мм, L=72 мм, d=6мм, z=4, 715к6 МЕСТ 17025-71

Қосымша құрал: Бұрғылау центрі ф6,3 МЕСТ 14952-85.

Өлшеу құралы: L=326мм

Кесу тереңдігін анықтау.

t=3,8мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау.

Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс [2кесте, 283 бет, 1.] бойынша алынады. Ол станоктын қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы Т15К6 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша шойын, станоктың қуаты шамамен 5 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,09-0,18 мм/тіс тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,18 мм/тіс алайық.

Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m t^x s^y b^z Z^p} K_V = \frac{332 \cdot 125^{0.2}}{60^{0.2} \cdot 3,8^{0.1} \cdot 0,18^{0.4} \cdot 50^{0.2} \cdot 4} 0,69 = 53 \text{ м/мин.} \quad (1.21)$$

мұндағы $K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [2 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{700} \right)^1 = 0.86. \quad (1.22)$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті $K_T = 1$ мен $n_v = 0,8$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент. [5 кесте, 263 бет, 2.]

$$K_{nv}=0.8-0.86$$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті. [6 кесте, 263 бет, 2.]

$$K_{uv}=1$$

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

$$K_v=0,86*0,8*1=0,69$$

Тұрақтылық периоды фреза диаметріне байланысты таңдаймыз ф45 фреза үшін $T=45$ мин. [40 кесте, 290 бет, 2.]

$C_v=332$ коэффициенті мен $x=0.1$, $q=0.2$, $y=0.4$, $u=0.2$, $m=0.2$ дәрежелері [39 кесте, 286 бет, 2.] T15K6 қатты қорытпалы кескіш үшін берілген.

Айналдырықтың айналу санын анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 53}{3.14 \cdot 125} = 135 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_o = 130 \text{ айн/мин}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3.14 \cdot 125 \cdot 130}{1000} = 51 \text{ м/мин.}$$

Минуттық берілісті анықтаймыз.

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_o = 0,18 \cdot 4 \cdot 130 = 93.6 \text{ мм/мин.}$$

Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 C_p t^x S_z^y v^n K_p = 10 \cdot 54.5 \cdot 3,8^{0,9} \cdot 0,18^{0,74} 51^1 \cdot 0,98 = 2517 \text{ Н}$$

$C_p=54.5$ коэффициенті мен $x=0.9$, $y=0.74$, $n=1$ $q=1$, $w=0$ дәрежелер көрсеткіштерін [41 кесте, 291 бет, 2.] кестеден аламыз.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [9 кесте, 264 бет, 2.]

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750} \right)^{0.3} = \left(\frac{700}{750} \right)^{0.3} = 0.98.$$

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз:

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{2517 \cdot 51}{1020 \cdot 60} = 2 \text{ кВт.}$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу:

$$T_o = \frac{L_{px}}{s_m} \cdot i = \frac{33}{93.6} \cdot 3.8 = 1.3 \text{ мин.}$$

Операция: Фрезрлік операциясының есебі.

Станок: фрезрлік станогы мод. 6М616Ф11-22

Қондырма: пневматикалық

Кесу құралы: Саусақты фреза $D=150$ мм, $L=79$ мм, $d=10$ мм, $z=4$, 715к6 МЕСТ 17025-71

Қосымша құрал: Бұрғылау центрі ф6,3 МЕСТ 14952-85.

Өлшеу құралы: L=326мм

Кесу тереңдігін анықтау.

t=2.5 мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау.

Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс [2кесте, 283 бет, 1.] бойынша алынады. Ол станоктын қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы T15K6 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша шойын, станоктың қуаты шамамен 5 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,09-0,18 мм/айн тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,09 мм/тiс алайық..

Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m t^x s^y b^z Z^p} K_V = \frac{445 \cdot 150^{0.2}}{120^{0.32} \cdot 2.5^{0.15} \cdot 0.09^{0.35} 50^{0.2} \cdot 4} 0,69 = 42 \text{ м/мин.}$$

мұндағы $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [2 кесте, 262 бет, 2.]

$$K_{nv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} \cdot K_T = \left(\frac{750}{700} \right)^1 = 0.86.$$

Кесте [2 кесте, 262 бет, 2.] бойынша коэффициенті $K_T = 1$ мен $n_v = 0,8$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент. [5 кесте, 263 бет, 2.]

$$K_{nv} = 0.8 - 0.86$$

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті. [6 кесте, 263 бет, 2.]

$$K_{uv} = 1$$

Сонда жалпы түзету коэффициенті.

$$K_v = 0,86 \cdot 0,8 \cdot 1 = 0,69$$

Тұрақтылық периоды фреза диаметріне байланысты таңдаймыз ф45 фреза үшін T=120 мин. [40 кесте, 290 бет, 2.]

$C_v = 445$ коэффициенті мен $x = 0.15$, $q = 0.2$, $y = 0.35$, $u = 0.2$, $m = 0.32$ дәрежелері

[39 кесте, 286 бет, 2.] T15K6 қаттықорытпалы кескіш үшін берілген.

Айналдырықтың айналу санын анықтау.

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 42}{3.14 \cdot 150} = 89 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз.

$$n_o = 90 \text{ айн/мин.}$$

Нақты кесу жылдамдығын табамыз.

$$v_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3.14 \cdot 150 \cdot 90}{1000} = 42.3 \text{ м/мин.}$$

Минуттық берілісті анықтаймыз.

$$S_m = S_z \cdot z \cdot n_o = 0,09 \cdot 4 \cdot 90 = 32.4 \text{ мм/мин.}$$

Кесу күшін анықтау.

$$P_z = 10 C_p t^x S_z^y v^n K_p = 10 \cdot 54.5 \cdot 2.5^{0.9} \cdot 0,09^{0.74} \cdot 42.3^1 \cdot 0,98 = 8757 \text{ Н.}$$

$C_p=54.5$ коэффициенті мен $x=0.9$, $y=0.74$, $n=1$ $q=1$, $w=0$ дәрежелер көрсеткіштерін [41 кесте, 291 бет, 2.] кестеден аламыз.

Өңделетін материалдың сапасын (физико - механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. [9 кесте, 264 бет, 2.]

$$K_{MP} = \left(\frac{\sigma_B}{750} \right)^{0.3} = \left(\frac{700}{750} \right)^{0.3} = 0.98.$$

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз.

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{8757 \cdot 42.3}{1020 \cdot 60} = 6 \text{ кВт.}$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу.

$$T_o = \frac{L_{px}}{s_m} \cdot t = \frac{203}{32.4} \cdot 2.5 = 1.56 \text{ мин.}$$

Операция: Фрезерлік операциясының есебі.

Станок: фрезерлік станогы мод. 6М616Ф11-22

Қондырма: пневматикалық

Кесу құралы: Саусақты фреза $D=150$ мм, $L=79$ мм, $d=10$ мм, $z=4$, 715к6 МЕСТ 17025-71

Қосымша құрал: Бұрғылау центрі ф6,3 МЕСТ 14952-85.

Өлшеу құралы: $L=326$ мм

Кесу тереңдігін анықтау.

$t=3$ мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау.

Қатты қорытпалы шетжақтаулы фрезамен қаралай жоңғылау үшін беріліс [2кесте, 283 бет, 1.] бойынша алынады. Ол станоктың қуаты мен өңделетін материалға және қатты қорытпа маркасына байланысты табамыз. Қатты қорытпа маркасы Т15К6 деп алсақ, ал материал бастапқы мәлімет бойынша шойын, станоктын қуаты шамамен 5 кВт теңестіреміз; Сонда беріліс мына аралыққа 0,09-0,18 мм/айн тең. Біз осы аралықтың орташа мәні 0,1 мм/айн алайық..

3. Кесу жылдамдығын анықтау.

$$v = \frac{C_V \cdot D^q}{T^m t^x s^y b^z Z^p} K_V = \frac{445 \cdot 150^{0.2}}{180^{0.32} \cdot 3^{0.15} \cdot 0.1^{0.35} \cdot 50^{0.2} \cdot 4} \cdot 0,69 = 64.3 \text{ м/мин.}$$

мұндағы $K_v = K_{iv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv}$ жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

